

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «АУТИЗМІ
БАР БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ЦЕНТР
ПОДДЕРЖКИ ДЕТЕЙ С АУТИЗМОМ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

05.01.2026

ПРИКАЗ

№ *7*

Қарағанды қаласы

город Караганда

**Терроризмге қарсы қауіпсіздікті
қамтамасыз ету бойынша жауапты
тұлғаны тағайындау туралы**

ҚР Конституциясына сәйкес қауіпсіздікті, терроризмге қарсы қорғауды және экстремизмге қарсы іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №305 қаулысының, «Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Аутизмі бар балаларды қолдау орталығы» КММ - нің қауіпсіз жұмыс істеуіне жауапты болып директордың ӘШЖ орынбасары Б.Б.Дукенбаева тағайындалсын.
2. Директордың ӘШЖ орынбасары Б.Б.Дукенбаеваға:
 - 2.1. Тәрбиеленушілермен жұмыс істеуге арналған ғимараттар мен құрылыстарды мақсатсыз пайдалануға жол бермеу;
 - 2.2. Аутизмі бар балаларды қолдау орталығының аумағында ведомстволық емес автокөліктердің тұрағына тыйым салуын қадағалау.
3. Ай сайын қойма және техникалық үй-жайларды тексеру және ретке келтіру;
4. ТҚ дер кезінде шығарылуын бақылау;
5. Телефонның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
6. Эвакуациялау жоспарлары мен сигналдық белгілерге қосалқы шығулар мен электр қауіпті орындарда өзгерістердің сақталуын және уақтылы еңгізілуін бақылау.
7. Әр түрлі қалыпты емес төтенше жағдайларда, терроризмге қарсы қорғау, өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі, сабақтан тыс жұмыстарда және балалардың қауіпсіздігі мен өмірін сақтау ережелерінің сақталуын бақылау.
8. Педагогтерге:
 - 8.1. Әртүрлі қалыпты емес төтенше жағдайларда, терроризмге қарсы қорғау, өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі, еңбекті қорғау мәселелерінде балалардың өмірін сақтау бойынша ата-аналармен жұмыс жүргізу.

002040

8.2. Оқиғалар мен төтенше жағдайлар туралы дереу орталық әкімшілігіне хабарлау.

9. ӘШЖ жөніндегі директордың орынбасары Дукенбаева Б.Б. орталық аумағында және ғимаратында бейнебақылау камераларының сапалы және дұрыс жұмыс істеуіне (бейнелеу сапасы, тәуліктік жұмыс режимі) және бұзушылықтар кезінде бұзушылықтарды жоюға жауапты болады.

10. Терроризм мен экстремизм көріністерінен барынша қорғауды іске асыру бойынша қызметкерлер арасында міндеттерді бөле отырып, ұжымның қауіпсіз жұмыс жүйесін әзірлеу, күзет-өрт дабылына қызмет көрсетуге, АПС орнату және қызмет көрсетуге, ТҚ әкетуге шарттар жасасуға, мереке күндері жұмысты ұйымдастыру және терроризмге қарсы қорғау бойынша бұйрықтар шығаруды өзіме қалдырамын.

11. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Б.Мейрамова

Бұйрықпен таныстырылды.
Шерстобитова Ю. В. _____
Тусупбаева А.Р. _____
Амантаева А.А. _____
Ахмет А.К. _____
Әбіл С.Б. _____
Жагипарова А.Б. _____
Жакыбаева А.М. _____
Жақыпбаева А.Е. _____
Игілік Ә.Е. _____
Нұрымбекқызы А. _____
Султанбекова А.К. _____
Тарбакова А.М. _____
Темирболатова М.Е. _____
Темірбек Ұ.А. _____
Марат А.Т. _____
Аскарова Н.А. _____
Шабаз К.Б. _____
Мейрашева А. _____
Куликова В. _____
Дукенбаева Б.Б. _____
Дюсенова А.С. _____
Мусабекова Г. _____
Жантасов Н.Н. _____
Жиганов В. _____
Токтабаева А. _____
Дуйсебаева К.Н. _____
Дукенбаев С. _____
Төлеутай Д.К. _____
Куликова В.В. _____